

БАҚ өкілдері арасында

"Таза Қазақстан – таза Астана" байқауы жарияланды

«Астана Тазалық» ЖШС-і БАҚ өкілдері арасында жалпы жүлде қоры 3 млн. теңгені құрайтын байқау жариялады.

"Таза Қазақстан – таза Астана" байқауы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің мерейтойын мерекелеу шеңберінде өткізіледі.

Байқаудың міндеті: Мемлекеттік «Таза Қазақстан» экобағдарламасы аясында Астана қаласының, оның маңындағы елді мекендердің санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, қоқыстарды жинау және шығару (көшелерді, жолдарды, аландарды, тротуарларды, жүретін жолдарды және басқа да қоғамдық орындарды қолмен және механикаландырып тазалау); жауын-шашынға қарсы шаралар (жылжымалы сорғы қондырғыларының көмегімен су басқан аумақтардан суды шығару; елді мекендерден шыққан қарды арнайы қала сыртында орналасқан қар үйіндісі полигонына апарып төгу жұмыстары); «Астана Тазалық» қызметінің қалыптасуы, дамуы, жетістіктері мен келешегі туралы айту.

Байқауға қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері, жеке авторлар мен блогерлер қатыса алады.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) "Үздік телевизиялық материал";
- 2) "Әлеуметтік желілердегі үздік жарияланым";
- 3) "Баспа басылымындағы үздік мақала";
- 4) "Интернет-басылымдағы үздік жарияланым".

Байқауға 2024 жылғы 7 қазан мен 10 желтоқсан аралығында мемлекеттік немесе орыс тілінде шыққан жұмыстар қабылданады. Байқауға ұсынылатын жұмыстар саны шектелмеген.

Қазылар алқасының құрамын тәуелсіз комиссия ұсынады, оған қала коммуналдық қызметтер саласындағы сарапшылар мен мамандар және беделді журналистер кіреді. Жұмыстарды бағалау кезінде қазылар алқасы келесі талаптарды негізге алады:

- 1) берілген тақырыптың өзектілігі және сәйкестігі;
- 2) тақырыпты ашу тереңдігі және ұсынылған ақпараттың шынайылығы;
- 3) баяндау стилі;

4) авторлық пайымның бірегейлігі.

Байқауға қатысу үшін материалдарды astana_tazalyk@mail.ru электронды поштасына жолдай аласыз. Байланыс телефоны: +7 (778) 700 4324.

Жұмыстар 2024 жылдың 10 желтоқсанына дейін Астана уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін қабылданады.

Байқау қорытындысы 2024 жылдың 11-13 желтоқсанында шығарылады.